

Түркістан облысы
Сайрам ауданының білім бөлімі
«Қазына kz» бөбекжай-бақшасы»

Бекітемін"
«Қазына kz» бөбекжай-бақшасы»
менгерушісі:
О.А.Бегалиева

«Еркетай» кіші тобы

Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті

Тақырыбы: **«Тәуелсіздік тұғырым»**



Тәрбиеші: Сакибекова.Б.

2023-2024 оқу жылы

Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетінің тақырыбы: «Тәуелсіздік тұғырым!»

Мақсаты: Балаларға тәуелсіздік туралы ұғындыру, туған жер, елін құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін ояту.

Көрнекілігі: плакаттар, көркем сөздер, суреттер.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру: көрсету, үйрету, сұрақ-жауап.

Шаттық шеңбері: Шуақ шашты күн бізге,

Шуақ шашты күн бізге.

Терезеден күлімдеп,

Қуанады балақан

Шапалақтап алақан!

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыс мезгілі
- Қыс мезгілінде неше ай бар?
- Үш ай бар. Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан
- Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер болады?
- Қар жауады, күн аяз болады, балалар қалың киінеді, аққала жасайды. Қыс мезгілінің алғашқы айында бізде мерекелер көп, 16 –желтоқсан тәуелсіздік алған мерекеміз. Міне бүгін тәуелсіздік мерекесін тойлағалы жатырмыз
- Балалар, сендер қандай елде тұрасындар, қандай мемлекетте тұрасыздар?
- Тәуелсіз қазақ елінде, Қазақстан Республикасында тұрамыз.
- Біздің мемлекетімізде қандай қалаларды білесіндер?
- Астана, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Ақтау т.б өте көп қалалар орналасқан.
- Біздің мемлекеттік тіліміз қандай тіл?

-Қазақ тілі

-Қазақстан Республикасының рәміздерің қандай?

-Біздің рәміздер: Ту, Елтаңба ,Әнұран.

-Президентіміздің есімі кім?

- Оның есімі Қасым Жомарт Тоқаев атамыз. Елбасымыз Астана қаласында тұрады.

Аспанымыз ашық, бейбіт күн кешудеміз.

Олай болса еліміздің патреоты ретінде ,мемлекеттік әнұранымызды орындайық.

«Әнұран»

Тәрбиеші:Тәуелсіздік текке бізге келмеген

Талай бабам қанын төгіп терлеген

Сонда дағы қасиетті қазағым

Төл байрағын дұшпанына бермеген

Бабалардың ғасыр бойы арманы.

Өткенімен келешегін жалғады.

Желбіреп тұр көк байрағы қазақтың

Егеменді-тәуелсіздік алғалы.

Тәрбиеші: Әр қазақтың есінде сақталады

Желтоқсандық өлеңдер ақталады

Ел намысын қорғаған сарбаздарым

Ерліктері мәңгілік сақталады.

Ойын: «Туды құрастыру»

Ойын ұнадыма сендерге олай болса, шығармашылық алаңына өзіміздің «Пай-пайо» автобусымызбен жетіп алайық.

Балалар мемлекетіміздің бас қаласы Астана. Өзіндік ерекшелігі бар Бәйтерек бейнеленген, қаланы аралап көрсетеді, түсіндіреді.

Сергіту сәті:Алақанға салып ап

Бір ашып,бір жұмып

Көрсетейік бір қызық

Міне менің қолымда

Асық жатыр бүгіліп

Қортынды: Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінің сіздерге қай тұсы ұнады. Тәуелсіздік алғанымызға неше жыл болды. Бүгінгі оқу іс-әрекетімізде өз мемлекетіміз туралы айттық. Қандай қалалар орналасқан. Шығармашылық алаңында ненің бейнесін жасадық. Бәйтерек қай қалада орналасқан? Жарайсыздар еліміздің патреоты болып, тәуелсіз елімізде мәңгі өмір сүрейік.

Әділкер. 



*«Тәуелсіздік-тұғырым!» атты ұйымдастырылған ашық
іс-әрекеті барысында*

